



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
НИЙДЕ УНИВЕРСИТЕТІ
М.АҚМУЛЛА АТЫНДАҒЫ БАШҚУРТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТҮРКІ ӘЛЕМІ

**II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ ӘЛЕМІ
ЗЕРТТЕУЛЕРІ СИМПОЗИУМЫ**
**II. ULUSLARARASI TÜRK DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI SEMPOZYUMU**
**II INTERNATIONAL RESEARCH
SYMPOSIUM ON THE TURKIC WORLD**



Қазақстан / Алматы
20-22 мамыр, 2015

ТҮРКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: ҚЫТАЙ ҒАЛЫМЫНЫҢ ІЗДЕНІСТЕРІ

Г.СМАҒҰЛОВА *

ТҮЙІНДЕМЕ: Мақалада қазіргі түркологиялық зерттеулерде танымал болған жас түрколог Айдар Міркамалұлының ғылыми шығармашылық ізденістері баяндалады. Түркітанымдық еңбектері Жапония, Қытай, Түркия және Еуропа елдерінде жарияланған. Ол соңғы соғды жазуын оқитын бірегей көне мәтінтанушы ретінде түркология саласына танымал ғалым. Қытай жерінде қазбалар арқылы табылған түрлі көне ескерткіштер мәтінін зерттеуде қазақ тіліне қатысты деректерді қарастыруды басты мақсаты деп біледі. Автордың «Көне түркі өлеңдеріне түсініктеме» деген монографиясында көне мәтінтанудың тың үлгілерін жаңалық ретінде ұсынады.

Тірек сөздер: Қытай түркологиясы, соғды жазуы, көне ескерткіштер, ежелгі түркі жазуы, Агама сутра.

Ғасырлар тоғысында айтылған «XXI ғасыр – түркілер ғасыры» деген сөз - сәуегейлік емес, шын мәнінде деректерге негізделетін, ақиқатқа апаратын, жекенің пікірінен гөрі жалпының қоқарасын айғақтайтын шынайы пікір. Түркітанымдық руникалық жазуларды оқу қазіргі кезде де жаңадан табылған тілдік деректер арқылы түрколог ғалымдар тарапынан жалғасын тауып келеді. Бұл ретте, көне түркілік дәуірден жеткен мәтіндерді, мәселен, соңғы соғды жазуымен табылған жазбаларды зерттеуде қазір қытай ғалымдары үлес қосып отыр.

Бұл мақалада қытай түркологтарының бірі – жас та болса, түркітану ғылымында «бас» болуға жараған, қажырлы еңбегі арқылы айтарлықтай жетістікке жеткен, әсіресе Жапон және Қытай түркологтары жоғары баға берген көне мәтіндерге ғылыми талдау жасаған қытай түркологы Айдар Міркамалдың ғылыми шығармашылығы баяндалады.

Әңгімені ардан бастсақ, түркологияда көне жазба мәтіндері үздіксіз зерттеліп келеді. Бұл ретте мұндай ауқымды саланың көш басында тұрған қазақ ғалымдары Ғ.Айдаровтың «Язык орхонского памятника Бильгекаган» (1956), «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1986) және т.б. еңбектері. Ә.Құрышановтың «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» (1964), «Қыпшақ ескерткіштері туралы зерттеулер» (1970) т.б. құнды еңбектері арқылы есімдері еске түседі. Ал олардың шәкірттерінің де ізденістері ғылыми ортаның көз алдында. Мұндайда, түркологияда, мәселен, шетелдік ғалымдардың табыстарын ортақ ғылыми жетістік деп қабылдау ғылым этиканың жазылмаған заңдылығы. Сонымен, қытай түркологы Айдар Міркамал туралы ғалымның өз баяндауынан жазып алған деректерді ортаға салсақ.

Ежелгі түркі жазуының қалыптасуына зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда V-VIII ғасырларда түбі арамей жазуынан пайда болған соғды жазуы негіз болған. Алайда түркі руна әріптерінің түп төркіні туралы бірізді пікір жоқ.

Ежелгі түркілер тарихынан дерек беретін мәңгі тастарда (Күлтегінде осылай мәңгі тас деп жазылған), қашалған түркі ескерткіші - соғды жазуымен, соғды тілімен бізге жеткен VII-ғасырдағы бірінші түркі қағанатының құлыптасы - Бұғұт ескерткіші. Ескерткіште қолданысқа ие болған жазу соны түсіндіреді: сол заманда түркі қағанаты соғды жазуын өзінің мемлекет жазуы ретінде қолданған. VII ғасырда Түрік қағанаты соғды жазуын ресми жазу ретінде пайдаланғанымен, кейінгі ғасырда соғды жазуы түркілер арасында қолданыстан қалған. Кейбір әріптерді, мысалы b, q, t, r түркілердің өздері жасаған деп, анық айта аламын дейді, Айдар Міркамалұлы.

Соғдылардың жалпы түркі мәдениетіне ықпалы зор болғандығын әңгіме барысында жалғастырды. Соғдылар туралы түрлі тарихи мәліметтерде бір кезде түріктердің билік басқару жүйесінде соғдылардың болуы, Ұлы Жібек жолында соғдылардың сауда-саттық мәдени шаруашылықтары өркендетуге зор үлес қосқандығы айтылады. Түркілердің империясындағы соғдылықтар мен түріктердің саяси одағы арқылы отырықшы және көшпенді мәдениеттің араласуы соғдылықтардың түркі тілдес халықтар тарихының парақтарында мәдени мұралар қалдырғаны ақиқат.

Түріктер «тат» деп атаған соғдылар Түркі қағанатының қоғамдық өмірінде шешуші рөл атқарды. Сондықтан да түріктер «бассыз бөрік болмас, татсыз түрік болмас» деп мақалдап, олардың түркі қоғамындағы маңыздылығын еріксіз мойындаған. Кейін соғды жазуы - дамыған, қалыптасқан

* Г.СМАҒҰЛОВА-Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Алматы. Қазақстан E-mail: Smagulova.g@mail.ru

түркі руна жазуына орын берген (686-744 жылдар). Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк құлыптастары міне, осы руна жазуымен тасқа қашалған. Осы жазумен қағазға жазылған «Бірк Бітік» (палнама) сынды құнды материалдар қазір Париж, Лондон, Берлин қалаларында сақтаулы. Руна жазуын түркілер Х-ғасырдың аяғына дейін қолданып келген. Неге екенін қайдам, дәл ұқсас мезгілде түркілер ресми ісқағаздарын, келісімдерін, медициналық мәтіндерін, діни аудармаларын жаңа үлгідегі соғды жазуымен жаза бастаған. Бұл жазуды мезгіліне қарай **соңғы соғды жазуы** деп те атап кеткен. Соңғы соғды жазуын ең алғаш қолданғандар Жетісу өңіріндегі түркештер. Олардың VIII-ғасырда осы жазумен қорытылған Түркеш қаған деген теңгесі табылғаны Еуразия археологиясындағы үлкен оқиға. Сондықтан да «Түркеш жазуы» деп те аталады. Найманның тамғачысы Тататона койнына осы жазумен ойылған таңбаны тығып жүрген жерінен қолға түсіп, сол таңбаның арқасында шыбын жаны қалып, соңынан моңғолдарға үйреткені, бұл жазудың моңғолдар арқылы манжуларға тарағаны белгілі. Ал моңғолдар мен манжу, сібелер осы жазудың реформаланған нұсқасын күні бүгінге дейін қолданып келеді.

Түркілерде соңғы соғды жазуының кең қолданысқа ие болуы Х-ғасырдың алғашқы жартысында ұйғыр қағанаты құлаған соң ұйғырлар Гоби шөлінен Гансу аймағына көшіп келгеннен кейін жүзеге асты. Бұл жазуды көбірек Гансудағы сары ұйғырлар қолданғаны үшін көне ұйғыр жазуы деп те аталды. Көне түркі руник жазбаларымен салыстырғанда, соңғы соғды жазуымен қатталған ескерткіштер, мәтіндер өте көп. Қазір мазмұны жағынан будда, манихей, несториан дініне қатысты діни мәтіндер және хандардың жарлық хаттары, барыс-келіс хаттары, келісімдер, әдеби шығармалар, т.б. мол материалдар сақталып отыр. Діни мәтін ретінде біреуінің өзі 7 мың жолға жететін «Алтын яруқ» (Suvāṇṇaprabhāsaottama Sūtra), «Шұанзан өмірбаяны» (Biography of Xuanzang - қытай діндарының өмірбаяны), «Майтырысимт» (Maitrisimit nom bitig – будда дінін уағыздауды мақсат еткен ең ертедегі сахналық шығарма), қатарларын айтуға болады. Әдеби шығармалардан осы жазумен жазылған «Құтты білік», «Оғызнама» сынды жалпыға әбден таныс материалдар бар. Бұл жазу кезінде Алтын Орда мемлекетінің орда жазуы болған, Токтамыс, Темір Құтлық хандардың жарлығы осы жазумен жазылған.

Соңғы соғды жазуымен сақталған ескерткіштер туралы, әсіресе, көне мәтіндердің қазіргі зерттелу жағдайы туралы ғалым Айдар Міркамалұлы мынадай деректерді алға тартты

Соңғы соғды жазуымен жазылған мәтіндер әр түрлі себептермен дүниенің түкпір-түкпіріне дейін тарап кеткен. Батыс Еуропада Берлин, Лондон, Париж, Стокгольм, С-Петербург, Ыстамбұл қалаларында сақталса, Шығыста Токио, Киото, Бейжин, Ланшжоу, Дунхуаң, Үрімжі, Тұрпанда сақталып тұр. Қытай елінде соңғы соғды мәтіндері археологиялық қазбалар арқылы және жеке адамдарда сақталған материалдар ретінде күні бүгінге дейін тоқтаусыз табылып жатыр.

Соңғы соғды жазуымен жазылған мәтіндерді зерттеу көбінесе Германияда, Жапонияда, Түркияда және Қытайда дәстүрлі түрде жеке ғылым ретінде қолға алынып келеді. Соғды мәтіндерін зерттеу – бүгінде тұтас ғылым саласына айналды деуге болады. Бұл ғылымның негізін қалаған неміс ғалымдары Альберт Ликок, Карл Миллер, Вилли Банг. Олардың шәкірттері Анна Мария Габен, Рашид Рахмет Арат көне мәтіндерді зерттеу саласын тың белеске көтерген. Қазір Германияда - Петер Зиме, Клаус Рохборн, Абдұрашит Якуп, Иенс Уилкенс, Симон-К Рашман, Иукио Касай, Жапонияда - Масахиро Шогайто, Ода Жүтен, Кудара Коги, Мориясу Такау, Дай Матсуй, К. Кисудо, Түркияда - Мехмет Өлmez, Семих Тезжан сынды санаулы ғалымдар ғана зерттеу жүргізіп келеді. Ал бұрынғы кеңес одағы көлемінде Ресейде Э.В.Севортянның шәкірті шығыстанушы Л.Ю.Тугушева ғана жұмыс жасайды.

Қытай ғалымдарынан ерекше атап өтетіні Гің Шімин профессор. Ол қытай түркологиясының негізін қалап кеткен дара тұлға. Кезінде сүбелі еңбегінің құрметіне Германияның Гумбольдт сыйлығын, халықаралық Алтай зерттеу қоғамының (The Permanent International Altaistic Conference) ерекше сыйлығын еншілеген. Кейінгі Қытай түркологтарының көбі осы кісінің шәкірттері. Өкінішке орай, Гің Шімин мырза 2012 жылы о дүниелік болды. Қазір қытай түркологтарының арасында кезінде С-Петербург университетінде тәлімгер болған Еркін Ауғали деген профессор бар. Бұл кісі өте талантты, мықты ғалым. Түркі жазуы мен этнонимі туралы қытай жазбаларын жүйелі және көп зерттеген, дейді әріптес інісі Міркамал.

Қазір қытай түркологиясында соңғы соғды мәтіндерін түп нұсқасынан оқып, зерттей алатындар Жаң Тиешань (Zhang Tieshan), Срапыл Юсуп сынды саусақпен санарлықтай ғана бірнеше адам бар екен.

Біздің білуімізше, солардың қатарында жас қазақ ғалымы Айдар Міркамалдың есімі жиі аталады. Шынында осы күні Қытай түркологиясы көшінің алдыңғы легінде келе жатқан, соңғы